

«Паркуйся активно» шарасын өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы ереже «Паркуйся активно» шарасын (бұдан әрі – шара) өткізу тәртібін белгілейді.

1.2. Шара Астана қаласының 20 жылдығы құрметіне өткізіледі.

1.3. Шараны ұйымдастырушылар - «Астананың көлік тұрағы кеңістігі» ЖШС және «Kcell» АҚ.

1.4. Шара Астана қаласының аумағында өтеді.

2. Шараның мақсаты

2.1. Көлік тұрақтарын пайдалану ережелерін түсіндіру.

2.2. Астана қаласы тұрғындары және қонақтары арасында ақылы тұрақтар қызметін насихаттау аясында ынталандыру шарасы.

3. Шараны өткізу мерзімі

3.1. Шара 05.06.2018 – 01.07.2018 аралығында өтеді.

4.Шараға қатысушылар

4.1. Шараға Нұржол желекжолы бойындағы ақылы көлік тұрақтарын пайдаланушы және актив ұялы байланыс операторының абоненттері болып табылатын клиенттер қатыса алады.

4.2. Қатысушылардың жас шамасына шектеу қойылмайды.

5. Шараны өткізу ережесі және шарттары

5.1. Шараға қатысудың міндетті шарттары:

- Нұржол желекжолы бойына көлік қойып, тұрақ ақысын төлеу;
- көлік құралының тіркелуі;
- 2888.kz. мобилдік қосымшасын орнату.

5.2. Өлшем бірлігі ретінде тұрақсағат таңдалды. Көлікті тұраққа 1 сағатқа қою құны - 100 теңге. Шараға қатысу үшін, клиент бір тұрақ сессиясы үшін ақысы

төленген үзіліссіз уақыт кезеңін пайдалануға тиіс. Тұрақсағатты есептеу кезінде тұрақ сессиясын тоқтату және ұзарту, тұрақ есепшотын толықтыру деректері ескерілмейді. Ақысы төленген тұрақсағаттың минималды саны – 1 (бір) сағат.

5.5. Шара қорытындысы 2018- жылғы 5-шілдеде шығарылады.

6. Шара жеңімпаздарын анықтау тәртібі.

6.1. Шара жеңімпаздары ақысы төленген тұрақсағаттар санына қарай анықталады. Жұлделерге ақысы төленген тұрақсағаттардың ең көп санын жинақтаған алғашқы үш клиент ие болады. Жүлде түрлері: 1 (бірінші) орын – көлігін ақылы тұраққа 1 ай бойы тегін қою құқығы, 2 (екінші) орын – көлігін ақылы тұраққа 1 апта бойы тегін қою құқығы, 3 (үшінші) орын – көлігін ақылы тұраққа 1 күнге тегін қою құқығы.

6.2. Көлік құралын 1 айға тегін қою мүмкіндігін шілденің 9-ы мен қазанның 1-і аралығында үзіліссіз бір ай бойы пайдалануға болады. Бұл құқығыңызды пайдалана бастауға 3 жұмыс күн қалғанда, ол туралы ақылы тұрақтар операторына хабарлауыңыз керек.

6.3. Ақылы тұраққа көлікті 1 аптаға тегін қою мүмкіндігін шілденің 9-ы мен қазанның 1-і аралығында үзіліссіз 1 апта бойы пайдалануға болады. Бұл мүмкіндікті пайдалану ниетінің туралы ақылы тұрақтар операторын 1 жұмыс күні бұрын хабардар етуіңіз керек.

6.4. Ақылы тұраққа көлікті 1 күнге тегін қою мүмкіндігін шілденің 9-ы мен қазанның 1-і аралығында үзіліссіз 1 күн бойы пайдалануға болады. Бұл мүмкіндікті пайдалану ниетінің туралы ақылы тұрақтар операторын 1 жұмыс күні бұрын хабардар етуіңіз керек.

6.5. Ұйымдастырушы жеңімпаздарға шара аяқталған соң 3 (үш) күн ішінде оның жеңіске жеткені және жүлдені пайдалану шарттары туралы мобилді телефон арқылы хабарлайды. Сонымен қатар, шара нәтижелері компаниялардың 2888.kz және active.kz, ресми сайттарында, сондай-ақ Facebook, Instagram, ВКонтакте әлеуметтік желілеріндегі ресми аккаунттарында мобилдік телефонның соңғы 4 (төрт) санын көрсету арқылы жарияланады.

6.6. Жеңімпаз өз жүлдесін пайдаланбас бұрын, Ұйымдастырушылар жоғарыда көрсеткен мерзімдер ішінде, ақылы тұрақтар операторына 8 800 080 2888 телефоны немесе parking-ast@mail. электронды поштасы арқылы хабарласып, ақылы тұрақты тегін пайдалану мүмкіндігін пайдалана бастайтыны туралы хабарлайды.

7. Қорытынды ереже

7.1. Шараға автокөлік құралдары жеңілдіктері бар санаттарға жататын азаматтар тізіміне тіркелген клиенттер қатыса алмайды. Бұл тізіммен 2888.kz сайтының «Нормативтік-құқықтық актілер» бөлімінде танысуға болады.

7.2. Жеңімпаз өз жүлдесін басқа адамдарға бере алмайды.

7.3. Ұйымдастырушылар шара шарттарын, 2888.kz және activ.kz. сайттарында жарияланған осы Ережеге өзгерістер енгізу арқылы өзгерте алады.

7.4. Акцияға қатысу арқылы қатысушы оның осы Ережеде көрсетілген шарттарымен келісетінін білдіреді;

7.5. Қатысушы аталған шараның тәртібі мен шарттары туралы өзін қызықтыратын, бірақ осы Ережеде көрсетілмеген ақпараттарды Ұйымдастырушылардың өкілдерінен біле алады.